



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

### **СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

15. Ахметьянов Р. Г. Краткий историко-этимологический словарь татарского языка. — Казань: Тат. книжн. изд-во, 2001. — 272 с.

ӘОЖ 811. 512. 122

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АТРИБУТТЫҚ ҚАТЫНАСТЫҢ ПЫСЫҚТАУЫШ АРҚЫЛЫ БЕРІЛУІ

Жұбатханова Кәмшат Қажымұқанқызы

[zhubathanova@mail.ru](mailto:zhubathanova@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Филология: қазақ филологиясы» мамандығының 1-курс магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Жақыпов Ж.А.

Синтаксистің зертеу нысаны сөздердің тіркесі, сөйлем құрылысы, сөйлемдердің өзара байланысы болса, олардың барлығы да синтаксистік қатынастың заңдылықтарына сүйене отырып жасалады. Өйткені тұлғалық, мағыналық жағынан үйлесім таппаған жеке сөздер өз алдына сөйлем құрай алмайды. Сол себепті, синтаксистік қатынас – сөйлем құраудың ең басты тәсілі. Демек, жеке сөздер сөйлем құрау үшін ең алдымен өзара синтаксистік қатынастың қарамағына түсуі керек. Сол кезде адам ойын түсінікті дәрежеде жеткізетін құрылым пайда болады. Ал, енді, синтаксистік қатынастың бұл түрін зерттеу не үшін маңызды? Өйткені, бұл тақырып әлі де жекелей зерттеу нысанына айналмаған, бірақ қазақ тіл білімінде ашылуға тиіс тақырып. Екіншіден, функционалдық жағынан қарасақ, сөйлеу тілінде қолданылатын құрылымдардың ара жігін ажырату өз тіліміз үшін маңызды. Жан-жақты зерттеліп, қыр-сыры анықталған тіл ғана алға жылжи алады. Бұл зерттеудің қазақ тіл біліміне қосатын үлесі зор.

Атрибуттық қатынастың өзіне келмес бұрын, жалпы синтаксистік қатынас туралы сөз қозғайық. Синтаксистік қатынас дегеніміз – синтаксистің негізгі іргелі ұғымы. Ол синтаксистік тұлғалардың өзара тұлғалық әрі мағыналық байланысынан пайда болатын мән. Қазақ тіл білімінде синтаксистік қатынастар мәселесі толық зерттелген жоқ. Бұл туралы орыс тіл білімінде аздап қана айтылса, С. А. Аманжолов, Н. Т. Сауранбаев, М. Б. Балақаев тәрізді қазақ тіл білімінің зерттеушілерінің еңбектерінде де жалпы ұғымдық қырлары сөз етіледі. Н.Т.Сауранбаев өзінің еңбегінде осы тақырыпқа жеке тарау арнап, синтаксистік қатынастардың субъект-предикаттық, объектілік, атрибуттық деген түрлерін атайды [3, 56].

Синтаксистік қатынасты түсіндірмес бұрын оның синтаксистік байланыстан ара жігін ажыратып алайық. Синтаксистік байланыс жекелеген сөздердің жалғау, жұрнақ, шылау секілді морфологиялық және орын тәртібі, интонация секілді синтаксистік амал-тәсілдер арқылы байланысуы. Яғни, жеке сөздердің байланысы. Синтаксистік қатынасқа негіз болатын нәрсе де осы. Грамматика бөлімдері бір-бірімен байланысты десек, онда морфологиялық бірліктер сөзге жалғану арқылы синтаксистік сипатқа көшеді. Контексте осы байланыс орнаған құрылым синтаксистік қатынасты құрайды. Бұл кезде сөздің құрылымынан гөрі функционалдық жағына көбірек мән береміз. Сол кезде олардың мағыналық бірлігі ашылып, синтаксистік қатынасты толық танытып тұрады.

Сөйлемдегі жекелеген сөздер белгілі бір байланыста тұруы үшін орныққан үлгілері болады. Мысалы, сөйлем мүшелерінің контекстегі орны. Олар көп жағдайда тұрақты болады. Біз сол тұрақтылықты негіз етіп алып, синтаксистік қатынастың үлгісін жасаймыз. Олар үшеу: предикаттық, объектілік, атрибуттық. Көріп отырғанымыздай, синтаксистік қатынастың ауқымы кең, атқаратын функционалдық қызметі де үлкен.

Бұл қатынасты түсіндіру үшін сөз тіркесінің жасалу жолдарын айта кетейік. Лексика-грамматикалық мағыналары айқын сөздердің біріне-бірі сабақтаса бағынып барып жасалған синтаксистік тобы ғана сөз тіркесі деп есептеледі. Өзара тіркескен сөздердің синтаксистік тобын сөз тіркесі деп тану үшін, оның мынандай белгілеріне қарау керек:

1) Сөз тіркесінің құрамында кемінде толық мағыналы екі сөз болады;

2) Ол сөздердің бірі екіншісімен сабақтаса, мағыналық және синтаксистік байланыста айтылады. Олар салаласа байланыспайды, тек сабақтаса байланысады.

3) Тіркескен сөздер анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық қатынаста жұмсалады. Осындай синтаксистік қатынас тек толық мағыналы сөздердің сабақтаса байланысуы нәтижесінде пайда болады. Басқаша айтқанда, лексика-грамматикалық дербестігі бар сөздерден басыңқы-бағыныңқылы сөз тіркесі жасалғанда, ол сөздердің бұрынғы мағыналары өзгеріліп, жаңа лексикалық мағына пайда болмайды, мүшелік қарым-қатынасты білдіретін қосымша грамматикалық мағына пайда болады. Мысалы, *кең өріс* деген сөз тіркесіндегі *кең* сөзінің кеңістік сапаны білдіруі – оның лексикалық мағынасы, оның сын есім екендігі – грамматикалық мағынасы. *Өріс* сөзінің лексикалық мағынасы – мал жайылымын білдіруі, грамматикалық мағынасы – зат есім екендігі. Осы *сын есім мен зат есімнің* тіркесуі нәтижесінде жаңа грамматикалық мағына пайда болған. Ол – анықтауыштық. Анықтауыштық қатынас сын-сапалық, сан-мөлшерлік, меншіктік мағыналарды білдіреді. Мысалы: *Қонақ үйде, дөңгелек үстел үстінде қызғылт, күңгірт сәулесі бар тас шам жанып тұр* (М.Әуезов). Бұл қатынас түрі атрибуттық қатынасты жасаушы негізгі түрі. Алайда, атрибуттық қатынасты жасаудың екінші түрі де бар. Ол, әрине, пысықтауыштық қатынас. Пысықтауыштық қатынас – мезгілдік, мекендік, себептік, мақсаттық, амалдық, сын-мөлшерлік мағыналарды білдіреді. *Әсіресе, Ұйғыр көшесі сияқты сырт аймақтарда ұзын-ұзын барақ, жеке-жеке оңаша жай ағаш үйлер тіпті көп болатын* (Ә.Нұршайықов). Алғашқы сөйлемде сын есім заттың атрибуты болса, бұл қатынаста үстеу қимылдың атрибуты болып тұр, яғни «белгісі». Сонда, атрибуттық қатынастың табиғатын тек анықтауыштық қатынас аша алмайды. Оған пысықтауыштық қатынас та керек. Ал біздің тілімізде атрибуттық қатынас десе, тек сындық сапаны көрсететін сөздер тілге оралады. Зерттеуіміздің маңыздылығы да осы жерге анық көрінеді. Ал қатынастың үшінші түрі объектілік қатынасты толықтауышпен пысықтауыштың беретіні түсінікті. Ол қимылдық немесе сапалық күйдің затқа тікелей немесе жанама түрде ауысып түсуіне байланысты тура объектілік қатынастарды білдіреді. Мысалы: – *Не әкелгенімді білемісің саған? Ойыншық машинаны алып бердім* (Ш.Айтматов).

Синтаксистік қатынас та синтаксис саласының барлық салаларына қатысты болып келеді. Бұл - сөз тіркесі мен сөйлемнің арасына да өлшем болатын белгі. Мысалы, *«ауылдан келді»* сөзтұлғасын әрі сөйлем деп, әрі сөз тіркесі деп көрсетушілік бар. Бұл тіркесім – сөз тіркесі десек, алғашқы сынар мен соңғы сынар жалғау арқылы меңгеріліп, екі сөзтұлға (пысықтауыштық) синтаксистік қатынасқа түсті. Бірақ, пысықтауыш бола тұра, мағыналық жағынан атрибуттық емес, объектілік мағынаны беріп тұр. Ал егер «көп сөйледі», «тез келді» десек, бұл тіркестер қимылдың сынын айқындап, көрсетіп тұр. Мұны біз атрибуттық қатынастың үлгісіне жатқызамыз.

Синтаксистік қатынастың субъектпредиаттық, объектілік, атрибуттық түрлері бар екенін айттық. Ал, енді, *атрибуттық* қатынастың ерекшеліктеріне тоқталайық. Атрибуттық қатынас – сөз бен оның әртүрлі белгілерін (сапасын) көрсететін, сөздің тікелей бірігуін, тіркесуін білдіретін неғұрлым тығыз синтаксистік қатынас түрі. Атрибутивті қатынастағы сөз тіркестерін білдіретін сөз таптары көптеген ғалымдардың еңбектерінде сөз болды[2]. Ол сөйлемде анықтауыштық және пысықтауыштық сипатта көрінеді. Алғашқысы – анықтауыштық. Н.З.Гаджиева атрибутивтік сөздердің тіркесімділік әлеуетін мынадай қалыптасқан үлгілер бойынша төмендегідей топтастырады:

1. Зат есім + сан есімді тіркестер;
2. Зат есім + есімдікті тіркестер;
3. Зат есім + сын есімді тіркестер;
4. Зат есім + есімшелі тіркестер;
5. Зат есім + -ырға, - арға инфинитивтері;
6. Екі есім сөзден құралған анықтауыштық тіркестер;
7. Зат есім + қос сөздер;

8. Анықтауыштық қатынастағы жайылма сөз тіркестері [3, 3].

Бұл келтірген мысалдарымыз заттың сапасын, белгісін көрсететін атрибуттар. Ал тілімізде тек заттың емес, сөйлемдегі қимылдың да сапасы, белгісі болады. Оны пысықтауыштық сипаттағы атрибуттылық қатынас дейміз. Ол төмендегідей мағыналық-тұлғалық құрылымда келеді:

а) мекенге байланысты атрибут: *қалада оқу, Астанада суық*, т.б.

ә) бағытқа байланысты атрибут: *үйге дейін бару, ауылға жақын*, т.б.

б) уақытқа байланысты атрибут: *таңертең тұру, кешке келу, ұзақ ойлану, бүгін ыстық*, т.б.

в) қимылдың басталу сәті: *тумысынан керең, бала кезден дос*, т.б.

г) себепке байланысты атрибут: *ауырғандықтан келмеу*, т.б.

д) амалға қатысты атрибут: *қалықтап ұшу, жылдам қимылдау* т.б.

е) мақсатқа қатысты атрибут: *оқу үшін жайлы, кездесу үшін ыңғайлы*, т.б.

Мұнда атрибуттық қатынастың мағыналық қатынасқа қарай жіктедік. Міне әрбір сөз тіркесінің нақты мағынасы оның грамматикалық және лексикалық мағынасына (мағыналық-тұлғалық құрылымына) байланысты. Алғашында келтірілген мысалдарда бағыныңқы сыңар зат есімнің атрибуты болса, екінші мысалдар тізбегінде баяндауыштың атрибуты ретінде ұсынылып отыр. Біздің зерттеу объектіміз де дәл осы болмақ. Ендігі мәселе атрибуттық қатынастың пысықтауыш арқылы берілуін сөз таптары тұрғысынан қарау. Қай үлгі жиірек кездесетінін анықтау. Мысал ретінде үстеуге келейік.

Үстеулер есімдермен таза күйінде, яғни өзінің үстеулік қасиетін сақтай отырып тіркеседі. Мұндай кезде үстеулер бағыныңқылық қызметте жұмсалады. Сонымен қатар модальді сөздер мен үстеулер барыс, жатыс, шығыс, көмектес септігіндегі зат есімдер, қимыл есімдер үстеулерді жетектейтіні кездеседі. Бірақ мұндай сөз тіркестері, яғни үстеулердің есімдермен тіркесуі, тілімізде көп ұшырай бермейді. Мысалы: *Оларда бұрынғы қарсылық, өшпенділік қазір жоқ. Жомартта әлі үн жоқ (Мұстафин). Бұлар қазір төрдің тап ортасында, үлкен ақ жастықтарға шынтақтаған сал серілер (Әуезов)*. Алайда, үстеулердің осы сөз таптарының әрқайсысымен тіркесу қабілеті бірдей емес. Біреуімен жиі, біреулерімен сирек тіркеседі.

Үстеулердің есім сөздермен тіркесуі кездейсоқ құбылыс емес, әдеби тілде әлсін-әлсін кездесіп отыратын елеулі құбылыс. Кейбір фактілерге қарағанда, үстеулердің есімдермен тіркесі бертінде пайда болған құбылыс. Соған қарамастан қазіргі кезде ондай тіркестер аса мол және кең қолданылады. Алайда үстеулер кез келген зат есіммен тіркесе бермейді. Олар көбінесе адамға қатысты айтылатын зат есімдермен жиі тіркес құрады.

Зат есімдермен жиі тіркесетіндер: мезгіл, күшейткіш, мөлшер үстеулері. Әсіресе, үстеулердің бәрі емес, тек мезгіл үстеулері есімді сөз тіркестерінің құрамына еніп, зат есімдерге қатысты жиі қолданылады: *қазір, ертең, кеше, ұдайы, үнемі, бүгін, бірталай, бірден-саран, осынша, нағыз, мұнша, бірқатар* т.б. Әсіресе, бүгін, қазір, ертең үстеулері зат есіммен тіркесуге өте қабілетті. Мысалы: *Қазір ұшқыш, қазір оқушы, қазір бригадир, қазір басшы, қазір оқытушы* т.б.

Үстеулердің зат есіммен тіркесі негізінен сөйлем құрамында ғана болатын құбылыс. Үстеулер көбіне баяндауыш қызметіндегі зат есімдермен ғана тіркеседі. Мұндай кезде мезгілдік үстеулер есім баяндауыштың мезгілін, мөлшерін т.б. қасиеттерін білдіреді. Адамзат – *бүгін адам, ертең – топырақ* (Абай). Кішіпейілділік-адам бойындағы *ерекше қасиет* (Газеттен).

Үстеулер сөйлем ішінде зат есім, сын есім, сан есім және *бар, жоқ* сөздеріне қатысты болып, солармен қабыса байланыста көп ұшырайды, мыс.: *бүгін жайлауда, енді көңілді, қазір жас, биыл жетіде, бүгін бар, ертең жоқ*.

Бұл мысалдардағы сөз тіркестері мағыналық байланысы берік сөздердің үйлесуі негізінде жасалмаған, *олар бүгін келді, енді айтады, қазір барамын* сияқты тіркестер емес, мағыналық байланыс арқауы бос тіркестер. Олай дейтін себебіміз – мезгіл үстеулері есімдермен тіркескенде, олардың тіркесу қабілеті айқын болғандықтан және мағыналық

байланысы берік болғандықтан тіркеспейді, сөйлемнің жалпы мазмұны керек ететіндіктен ғана есімді сөйлемнің құрамына еніп, есім баяндауышқа мезгілдік мағына үстеу үшін тіркеседі: Қасен қазір колхозшы (Көбеев). Біз де бүгін вахтадамбыз (Ерғалиев). Ұлпа биыл жетіде (Майлин). Осы Шыңғыстың осы қара желі өзге уақыттың бәрінде жақсы болғанмен, дәл күздігүні жайсыз-ақ (Әуезов). Бұл мысалдарда үстеу сөз табы мен зат есім, сан есім, сын есіммен тіркесіп, атрибуттық қатынасты түзіп тұрғанын байқаймыз.

Сөз таптарының құрамында болған семантикалық және грамматикалық өзгерістер және үстеулердің мағыналық, формалық өзгеруі үстеулердің жаңа түрлерінің пайда болуына әкеліп соғады. Кей жағдайларда үстеу сөздер басқа сөз таптарының жетегіне ерумен қатар, оның өзі де басқа сөздерді жетектеп, сөз тіркесінің басыңқы сыңарларында жұмсалатынын көруге болады.

Тіліміздегі «де, ет» көмекші етістіктері де атрибуттық қатынас жасауға қатыса алады. Мысалы, «сенімен *сөйлесейін деп* келдім, *бәж етіп* сөйледі» деген сөйлемдерді алсақ, «неліктен?, қалай?» сұрақтарына жауап беріп, пысықтауыштық қатынаста тұрады. Яғни, объектілік емес, қимылдың мақсаты мен сынын білдіріп тұрғандықтан, атрибуттық қатынаста тұр деп толық айта аламыз. Көсемше формалы «де, ет» көмекші етістіктеріне көптеген мысал келтіруге болады.

«Де» көмекші етістігінің өзіндік дербес мағынасы жоқ. Алайда дербес мағыналы сөздердің «де» көмекші етістігінің есімше формасы оның байланысу формасын, синтаксистік қызметі мен мағыналық тобын айқындайды. [4, 124].

Қорыта айтқанда, қазақ тіліндегі атрибуттық қатынастың пысықтауыштық жолмен жасалып, оның тілімізде қолданылуы, жасалу үлгілерін топтастыру жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Сауранбаев Т. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі. – Алматы: Қазақ ССР ғылым академиясының «Ғылым» баспасы, 1948. –287 б.
2. Прокопович Н.Н. Вопросы синтаксиса русского языка. Учеб. Пособие для пед. Вузов. –Москва: Наука, 1974. -350 с.
3. Гаджиева Н.З. *Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков.*– Москва: Наука, 1988. – 253 с.
4. Сайрамбаев Т.Қазақ тіл білімінің мәселелері. –Алматы: Абзал-ай, 2014.– 640б.

ӘОЖ 81'373.39

### **ҮЙЛЕНУ ҒҰРЫП ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ СЕЗІМ ЖАҒДАЙЫ НЕМЕСЕ ЖОҒАРЫ ЭМОЦИЯЛЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІГІ**

**Тұрарханова Қымбат Мұратжановна**

[Kymbat-9697@bk.ru](mailto:Kymbat-9697@bk.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Филология факультетінің 4-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қ.Қ.Сарекенова

Қазіргі таңда қазақ әдеби тіліндегі сөздердің жалпы қолданысы аясында түрлі мәселелер кездесіп жүр. Бұған тілдік қор, тілдік құрамдағы сөздердің қалыптасуы ықпал ететіні айқын. Нақтырақ айтсақ, тарихи жадының, әлем халықтарының тарихи жан дүниесінің айнасы болған фольклор – зерттеу негізі ретінде алынып отырған көне әрі жас мұра. Сондықтан дәстүрлі дүниетанымның алтын қорындағы фразеологизмдердің қолданыс ерекшеліктерін танытуды рухани санамыздың жаңғыру жолындағы келелі істердің бірі деп білеміз. Ал осы халық ауыз әдебиетін алып бәйтерек десек, соның бір бұтағы саналатын ғұрыптық фольклордағы фразеологизмдердің қолданысын айтпас бұрын, ол жайлы негізгі